

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті



БЕКІТЕМІН



Академиялық мәселелер жөніндегі
Басқарма мүшесі – Проректор
С.С. Сагинтаева
«27» 03 2024ж.

«Туризм» мамандығы бойынша XVI Республикалық студенттік пәндік
олимпиаданы өткізу бойынша
ЕРЕЖЕ

Қарағанды
2024

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Маркетинг кафедрасы, Цифрлық экономиканы зерттеу институты (*бұдан әрі – ұйымдастырушылар*) 2024 жылғы 25-26 сәуірде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының «Туризм» мамандығының 1-4 курс студенттері арасында XVI Республикалық пәндік олимпиаданың (*бұдан әрі - Олимпиада*) II кезеңін өткізеді.

1.2 Осы Ереже «Туризм» мамандығы бойынша XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау тәртібін айқындайды.

1.3 Олимпиаданы өткізудің мақсаты туристік сала мамандарын даярлау сапасын арттыру, шығармашылық әлеуетті дамыту, сондай-ақ білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне тартылуын арттыру болып табылады.

1.4 Олимпиадаға Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының «Туризм» білім беру бағдарламасының күндізгі бөлімінің 1-4 курс студенттерінен тұратын командалар қатыса алады.

1.5 Олимпиаданың II кезеңіне қатысуға олимпиаданың ЖОО ішіндегі турларының (Олимпиаданың I кезеңі) жеңімпаздары болып табылатын, сондай-ақ іріктеу кезеңінің тапсырмасын («**Туристік буклет**») орындаған студенттер жіберіледі.

1.6 Олимпиадаға 4 адамнан тұратын командалар қатыса алады. Бір оқу орнынан **1 команда** өтінім бере алады. Олимпиадаға қатысу ерікті және тегін.

1.7 Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің базасында II кезеңге қатысушы командалар Олимпиадаға жіберуші Тараптың есебінен қатысады.

1.8 Ұйымдастыру комитеті келесі жағдайларда университет өтінімін қабылдамау құқығына ие:

- іріктеу кезеңінің тапсырмасын орындамау;
- іріктеу кезеңінің тапсырмасын уақытында жібермеу;
- Олимпиадаға бейіндік емес мамандықтың студенттерін қатыстыру;
- Конкурстық құжаттаманың толық пакетінің болмауы (өтінім, әрбір қатысушының мамандығын растайтын анықтама, олимпиаданың университеттік кезеңінің хаттамасы, іріктеу кезеңінің орындалған тапсырмасы).

II. ЖҰМЫСТАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

2.1 Олимпиада іріктеу кезеңінен және 3 негізгі кезеңнен тұрады: **«Туристік буклет»** (іріктеу кезеңі), **«Жобалық жұмыс»** (I кезең), **«Туристік квест»** (II кезең), **«Экскурсияның блиц-дизайны»** (III кезең).

2.2 I-III кезеңдер Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің базасында 2024 жылғы 25-26 сәуірде өтеді.

2.3 **«Туристік буклет» іріктеу кезеңі:** команда таңдалған бағыт, объект немесе маршрут үшін туристік буклет әзірлейді. Буклеттер тек электронды нұсқада беріледі. Жұмыс команданың өтінімімен бірге ұйымдастыру комитетінің **pro_tourism2024@mail.ru** электрондық адресіне **2024 жылғы 10 сәуірге (Астана қ.уақыты бойынша сағат 00:00-ге)** дейін жіберіледі. Хаттың тақырыбы **«Олимпиада_ЖОО атауы_Туризм_іріктеу»** редакциясында жазылуы тиіс.

2.3.1. *Іріктеу кезеңінің нәтижелері 2024 жылғы 12 сәуірде жарияланады. (Астана қ. уақыты бойынша сағат 00:00-ге дейін) және олимпиаданың негізгі турларына қатысуға шақыра отырып, ғылыми жетекшілердің электрондық пошта адресіне жіберілді.*

2.4 **I кезең «Жобалық жұмыс».** Команда «Туризмнің баламалы формаларын дамыту: бірегей туристік өнімдерді жасау» тақырыбында презентация түрінде жобаны әзірлейді және ұсынады. Презентация Microsoft PowerPoint, Canva, Crello және басқа редакторларда (таңдау бойынша) орындалады.

2.5 **II кезең «Экскурсияның блиц-дизайны».** Команда конкурстық комиссия айқындайтын параметрлер бойынша экскурсия әзірлейді және ұсынады. Тапсырманы орындау уақыты-1 сағат.

2.6 **III кезең «Туристік квест» (команда капитандары үшін).** Команда капитаны жеке маршрут картасында белгіленген нүктелерді қамтитын туристік тақырыптағы квесттен өтеді.

2.7 Командалар әр турдан ұпайлар алады, әрі қарай ұпайлар саны қосылып отырады.

2.8 Олимпиаданың жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын.

2.9 Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі жеке есепте Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің дипломдарымен, командалық есепте Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің дипломдарымен, ал команданың ғылыми жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

2.10 Олимпиадаға жіберілген материалдардың мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы келмеуі керек. Басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімін қорлайтын мазмұндағы материалдар қабылданбайды.

2.11 Олимпиада кезеңдерінде ұсынылған жұмыстарға/материалдарға авторлық құқықтың сақталуына қатысушы (команда) және жетекші жауапты болады.

2.12 Ұйымдастырушылар ұсынылған материалдарды университет сайтында және әлеуметтік желілерде ашық орналастыру үшін пайдалануға құқылы.

III. ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 Олимпиадаға ұсынылатын жұмыстар (іріктеу кезеңі – «Туристік буклет») мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

3.1.1 Буклет pdf форматында ұсынылуы тиіс.

3.1.2 Буклетте берілген ақпарат құрылымдалған және оңай қабылдануы тиіс.

3.1.3 Буклеттерде сапалы авторлық фотосуреттер немесе иллюстрациялар болуы тиіс.

3.1.4 Буклеттер **презентация** форматында **ұсынылмауы керек**.

3.1.5. Буклеттер авторлық және түпнұсқалық болуы және Олимпиада үшін арнайы жасалған болуы керек.

3.1.6 Буклеттердің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс. Басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімін қорлайтын иллюстрациялар мен ақпаратты қамтитын буклеттер қабылданбайды. Буклеттер таңдалған тақырып пен этикалық нормаларға толық сәйкес келуі керек.

IV. «ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС» І КЕЗЕҢІНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4 «Жобалық жұмыс» І кезеңіне ұсынылатын жұмыстар бірегей, өзекті және берілген тақырыпқа сәйкес болуы тиіс.

4.1 «Жобалық жұмыс» кезеңінде туристердің әртүрлі мүдделері мен қалауларын қанағаттандыра алатын, сондай-ақ туризмнің әртүрлі нысандарын дамытуға ықпал ететін баламалы туристік өнімдерді құруға және дамытуға бағытталған жұмыстар ұсынылуы тиіс.

4.2 Сөз сөйлеу регламенті - 1 командаға 7 минут (регламенттен тыс сөз сөйлеуге айыппұл салынады).

V. «ЭКСКУРСИЯНЫҢ БЛИЦ-ДИЗАЙНЫ» ІІ КЕЗЕҢІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ

5.1 «Экскурсияның блиц-дизайны» кезеңі аясында командалар Конкурстық комиссия айқындайтын параметрлер бойынша қысқа экскурсия ұсынуы тиіс.

5.2 Әр командаға тапсырманы дайындау үшін 1 сағат уақыт беріледі.

5.3. Берілген уақыт аралығында команда экскурсия бөліктерін ойластыруы керек: көрсету әдістері, әңгімелеу әдістері және т. б.

5.4 Экскурсия ұсынудағы сөйлеу регламенті - 1 командаға 4 минут (регламенттен тыс сөз сөйлеуге айыппұл салынады).

VI. «ТУРИСТІК КВЕСТ» ІІІ КЕЗЕҢІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ

6.1 «Туристік квест» кезеңі туризмнің түрлі теориялық және практикалық мәселелері бойынша команда капитандары арасындағы жарысты білдіреді.

6.2 Кезең алдында жеребе тартылады, оның нәтижелері бойынша капитанға бағыты бар карта беріледі.

6.3 Команда капитандары жарысты бір уақытта бастайды.

6.4. Осы кезең аясында капитан маршрут картасында белгіленген нүктелерді тауып, тапсырмаларды орындауы керек.

6.5 Жарысқа қатысушы картада көрсетілген маршрутты қатаң ұстануы керек.

6.6 Маршрут нүктелеріндегі тапсырмалар туризмнің әртүрлі теориялық және практикалық мәселелері бойынша қатысушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын тексеруге бағытталған.

6.7 Модератор тапсырманың орындалу жылдамдығын анықтау үшін әр нүктеде уақытты белгілейді.

VII. ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ РӘСІМІ

7 Жұмыстарды бағалау осы бөлімде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

7.1 Жұмыстарды бағалауды конкурстық комиссия жүргізеді.

7.2 Комиссия **конкурстық материалдарды** ұйымдастыру комитеті айқындаған мынадай критерийлер бойынша бағалайды:

✓ **«Туристік буклет» іріктеу кезеңі бойынша:**

- өзіндік ерекшелігінің болуы;
- объект / дестинация / маршрут туралы ақпараттың толықтығы;
- құрылымдылығы;
- орындау сапасы;
- мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі.

✓ **«Жобалық жұмыс» I кезең бойынша:**

- мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
- жобаның практикалық маңыздылығы және іске асырылуы;
- тақырыпты ашудың толықтығы;
- көрнекі безендіру;
- шығармашылық;
- топтық жұмыс

✓ **«Экскурсияның блиц-дизайны» II кезең бойынша:**

- өзіндік ерекшелігі және креативтілігі;
- ақпараттылық;
- құрылымы және логикасы;
- мақсатты аудиторияны көрсету және аудиторияға жеткізу әдістерінің сәйкестігі;

- аудиториямен байланысы;

- командалық жұмыс

✓ **«Туристік квест» III кезең бойынша:**

- тапсырманы орындау жылдамдығы;
- жауаптардың дәлдігі;
- нақты маршрут нүктелерімен жүруі.

7.3 Іріктеу туры бойынша жұмыстарды Ұйымдастыру комитеті комиссия төрағасына береді. Олимпиада (I, II және III кезеңдерді өткізу) аяқталғаннан

кейін ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың қорытынды хаттамасын жасайды, онда жеке және командалық есепте Олимпиада жеңімпаздарының тізімі жасалады.

VIII. ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ

8.1 Олимпиадаға Өтінім (Өтінім осы Ереженің №1 қосымшасында ұсынылған үлгіге сәйкес ресімделеді), ректордың (проректордың) қолы қойылған олимпиаданың (ЖОО-дағы) I кезеңінің хаттамалары, әрбір қатысушының оқу орнынан анықтамалары **«Туристік буклет» іріктеу кезеңінің тапсырмасымен бірге 2024 жылғы 10 сәуірге дейін электронды түрде rpo_tourism2024@mail.ru поштасына жіберіледі.**

8.2 Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша қосымша ақпаратты келесі телефон нөмірі арқылы нақтылауға болады: **+77770711671 (Торжанова Данагүл Әсетқызы).** *Тек жұмыс уақытында жазуды/қоңырау шалуды сұраймыз.*

8.3 Олимпиаданы өткізу мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Университетская көшесі, 28-үй, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бас ғимараты.

8.4 Осы Ереже олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің шешімімен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Кафедра отырысында қаралды: 14.03.2024 ж. №7 хаттама

Маркетинг кафедрасының меңгерушісі,
э. ғ. к., профессор



Д. Г. Мамраева

Қосымша 1

«Туризм» мамандығының студенттері арасындағы XVI Республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға өтінім

1. ЖОО атауы

2. Ғылыми жетекші туралы мәліметтер:

2.1 Аты-жөні, ғылыми дәрежесі (бар болса), ғылыми атағы (бар болса), лауазымы*

2.2 Байланыс деректері: e-mail, телефон (жұмыс, ұялы)**

3. Команда құрамы (4 адам):

3.1 Капитан мен команда қатысушыларының аты-жөні

3.2 Курс, мамандық, факультет, кафедра (қатысушылардың әрқайсысы бойынша мәліметтерді көрсету)

3.3 Қатысушылардың әрқайсысының байланыс деректері: e-mail, телефон**

4. Команданың атауы (5 сөзден аспауы тиіс)

5. Команданың ұраны

Факультет деканының немесе кафедра меңгерушісінің қолы, университет мөрі (*міндетті!*)

*** Ғылыми жетекшінің және команда қатысушыларының аты-жөнін мұқият тексеруді сұраймыз! Қатысушы команда осы олимпиаданың жеңімпазы болған жағдайда бұл мәліметтер дипломда және алғыс хатта көрсетіледі!**

**** Тек жұмыс істейтін телефон нөмірлерін және ағымдағы электрондық пошта адресін көрсетіңіз, өйткені олар арқылы ғылыми жетекшімен және топ мүшелерімен байланыс жүзеге асырылады!**